

AGRO bilim.kz

**NASEC**  
НАЦИОНАЛЬНЫЙ АГРАРНЫЙ  
НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ЦЕНТР



МИНИСТЕРСТВО  
СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА



*«Қазақстанның оңтүстігіндегі тәлімі жерлерде  
ауыл шаруашылығы дақылдарын нөлдік  
технологиясымен өсіруде қоректену режимін  
оңтайландыру»*

Өтетін орны: Түлкібас ауданы, Түркістан облысы

Өтетін уақыты: 11.07.2024 жыл

Лектор: Д.А. Сыдық – ауыл шаруашылығы  
ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰАҒА  
академигі

Түлкібас, “Бес Жал” ӨК - 2024 ж.

**Ылғалмен жартылай қамтамасыз етілген  
(400-500мм) және ылғалы тапшы шөл және  
шөлейтті жерлерде (250-350мм)**

1. Күздік бидай
2. Мақсары
3. Күздік бидай
4. Жоңышқаның жанама танабы

# Ылғалмен толық қамтамасыз етілген жерлерде (>500-600мм)

1. Жоңышқа 1 жыл
2. Жоңышқа 2 жыл
3. Жоңышқа 3 жыл
4. Күздік бидай
5. Мақсары
6. Күздік бидай



**FANKHAUSER 2115 бразилиялық  
дәнсепкішімен тікелей егу**



**СЗС -2,1 дәнсепкішімен тікелей егу**



## ТӘЛІМІ ЖЕРЛЕРДЕ ЖОҢЫШҚАНЫ ТІКЕЛЕЙ ЕГУ



## ТӘЛІМІ ЖЕРЛЕРДЕ ЖОҢЫШҚАНЫ ЕГУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ



**Топырақты жеңіл өңдеу ЛДГ-10**



**Тікелей себу**



**Дәстүрлі технология**



**Жоңышқаны суармалы жерлерде топырақты өңдемей тікелей сеуіп өсіру**



**Пивот 10% в.д.г.  
Гербицидімен өңделген танап**



**Фюзилад Форте 150% к.э.  
Гербицидімен өңделген танап**



**Гербицид қолданылмаған танап**

## Жоңышқаны үнемді технологиямен өсіру жүйесі

- Егуден алдын дискілеу және тікелей себу тәсілдерінде топырақты механикалық өңдеу (аударып жыртыу, малалау, тырмалау) қысқартылып жоңышқаның балауса және құрғақ шөбінен жоғары өнімін алуға болады

- Жоңышқа егістігіндегі арамшөптерге қарсы қолданылған Пивот 10 % в.д.г. гербициді жоғары тиімділігімен ерекшеленіп алқаптың сандық және салмақтық ластану көрсеткіші орта есеппен 83,0 - 84,1 % - ға төмендейді.

Суармалы егісте Фюзилад Форте, 150% к.э. гербицидін қолданған нұсқада егістің сандық және салмақтық ластану көрсеткіші орта есеппен 77,9 - 83,0 % - ға төмендейді





**Күздік бидайды тікелей себу  
технологиясы СЗС-2,1**



**Күздік бидайды FANKHAUSER 2115  
бразилиялық дәнсепкішімен тікелей егу**



**Қазығұрт ауданы «Сапа-2002» ЖШС  
PAMPEANA 2000 бразилиялық  
дәнсепкішімен күздік бидайды нөлдік  
технологиямен себу сәті**



**Қазығұрт ауданы «Сапа-2002» ЖШС-нда облыстық семинар кеңесте күздік бидайды нөлдік технологиямен өсіру жүйесін насихаттап дәстүрлі технологиямен салыстырмалы егілу кезі**





**Күздік бидайды тікелей себу технологиясының бақылау нұсқасы**





**Күздік бидайдың Балерина гербицидін – 0,5 л/га мөлшерінде қолданылған нұсқасының қызғылт уекіре арамшөбіне әсері**





**Күздік бидайдың Диален Супер 480, в.э. – 0,7 л/га + Ластик Топ -  
0,4 л/га гербицидін - 1,0 л/га мөлшерінде  
қолданылған нұсқасының атқұлақ арамшөбіне әсер етуі**





**Күздік бидай егістігіне пайдаланылған Ланс, в.р. – 0,06 л/га гербицидінің әсерінен қызғылт уекіре арамшөбінің өсіп-дамуы тоқтап, артта қалуы**





Күздік бидай егістігін қызғылт уекіре арамшөбінің басуы



**Күздік бидайды тікелей сеуіп  
өсірген танаптағы Эстет 905, к.э. -  
0,4-0,6 л/га + Ластик Топ, м.к.э. -  
0,4 л/га қолданылған егіс алқабы  
(Стекловидная 24 сорты)**



**Күздік бидай дақылын  
топырақты өндемей тікелей себу  
технологиясы**



## **Күздік бидайды тікелей сеуіп өсірудің агротехнологиялық жүйесі**

- **Оңтүстік Қазақстанның тәлімі жағдайында күздік бидай және жаздық арпа дақылдарын тікелей себу және топырақты үнемді өңдеу тәсілдерімен өсіруге болатынын, бірақ міндетті түрде тыңайтқыш енгізу және арамшөптерге қарсы гербицидтерді қолдану қажеттігін ұсынамыз**

- **Күздік бидай егістігінде ең жоғары өнім 33,3 ц/га және арпада 22,9 ц/га болып, бұл тікелей себу тәсілінің минералды тыңайтқышты  $P_{30}N_{50}$  кг/га енгізген және жүйелі гербицидтер қолданылған нұсқада алынды**

- **Күздік бидай мен арпаны тікелей себу шығын көлемін 32-43% төмендетті**



**Мақсары дақылын тікелей себу технологиясы**





**Мақсары егістігінде гербицид қолданылмаған нұсқасы**



**Мақсары егістігіндегі Дуал Голд 960 эк. -1,5 л/га мөлшерінде дақылды себер алдындағы қолданылған нұсқасы**





Мақсары егістігін арам шырмауықтың басуы



Жапырақтану кезеңіне дейін Пивот с.к.  
- 0,8л/га мөлшерінде өңделген нұсқасы



## Мақсары дақылын тікелей егіп өсіру жүйесі

• Егістіктегі арамшөптерге қарсы дақылды егудің алдында Дуал Голд 960 э.к.-1,5 л/га мөлшерде қолданылған нұсқамызда биологиялық тиімділігі ең жоғары көрсеткішке 91,8% құрап, орташа өнімділік 11,8 ц/га болса, май шығымы 37,26% құрады

• Арамшырмауыққа қарсы Пивот 10% с.к. гербицидін 0,8 л/га мөлшерде пайдаланғанымызда өндірісте қалыптасқан технологияда биологиялық тиімділік 91,5%, ал тікелей себуда 84,0% болып, орташа өнім 12,2 ц/га, ал май шығымы 37,12% болды, яғни бақылау нұсқаларынан өнім 5,8 және 6,4 ц/га тиісінше артық болды

• Дуал-Голд 960 э.к. - 1,5 л/га қолданған нұсқада шартты таза табыс деңгейі әр гектарынан 32748,5 теңгені құрады, алынған өнімнің өзіндік құны 591,2 теңгеге төмендеді

• Егістік алқапқа Пивот, 10% с.к. - 0,8 л/га қолдаған нұсқамызда таза пайда 34692,0 теңге болғанымен өнімнің өзіндік құны 796,8 теңге, яғни Дуал Голд 960 э.к. гербицидін қолданған нұсқадан 205,6 теңге жоғары болды

• Көктемде Дуал Голд 960 э.к. -1,5 л/га мөлшерінде арамшөптерге қарсы қолданғанда, азот тыңайтқышымен  $N_{35}$  үстеп қоректендіріп, тырмалағанда, ең жоғарғы энергетикалық табыс жиынтығы 1072215,1 мДж/га болып, энергетикалық коэффициент көрсеткіші 2,2 артты, ал Пивот 10% с.к. гербицидін 0,8 л/га мөлшерінде қолданған нұсқамызда жоғары энергетикалық коэффициент 2,5 болып алынды, өндірісте қалыптасқан технологияда бұл көрсеткіш тиісінше 1,2-1,3 болып, энергетикалық тұрғыдан тиімсіз екені анықталды



Басқарма төрайымы

Лектор

Сарапшы

  
  


Ш.С.Қосқараева

Д.А.Сыдық

Ш.А.Жумабаев